

егемен

Қазвәтәтәһ

## Дамуға жол ашады

Бұл күнде еліміздің барлық өңірлеріндегідей Қарағанды аймағының жұртшылығы арасында да «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XV съезінде алға қойылған міндет-мақсаттар кеңінен талқылануда. Облыстық филиалы Саяси кеңесінің кеңейтілген мәжілісі соның бірінші шарасы болып, партия белсенділері басқосуымен өтті.

Онда оның төрағасы Бауыржан Әбдішев «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XV съезінің қорытындылары және облыстық ұйымның міндеттері» тақырыбында баяндама жасады. Аймақ басшысы өз сөзінде атап өткендей, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы қарышты қадамын сақтап келеді. Жыл басынан өнеркәсіптік өндіріс көлемі 1 трлн. теңгені құрап, былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 1 пайызға артуы, индустрияландыру картасы аясында 46 жобаның іске қосылып, 3,5 мың жаңа жұмыс орнының ашылуы соған нақты мысал ретінде келтірілді. Бауыржан Түйтеұлы, сондай-ақ, орын алып отырған олқылықтар мен кемшіліктерді де ашып айтып, түйінді мәселелерді шешуге талап күшейтіле түспектігіне назар аудартты. Осы орайда облыстағы 516 бастауыш партия ұйымына біріккен 100 мыңға жуық нұротандықтың алға қойылған биік міндеттерді іске асыруға, Елбасының партия мүшелеріне жүктеген жауапкершіліктің жоғары үлгісін танытуға белсенділікті беріктіруге үндеді.

Жиында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, облыстық «Литуаника» литван этномәдени бірлестігінің төрағасы Виталий Тварионас, облыстық мәслихаттағы «Нұр Отан» партиясы депутаттық фракциясының жетекшісі Асқар Сәрсекенов, партия съезінің делегаты Бибігүл Секербекова, «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі, Жәйрем кен байыту комбинатының экономисі Максим Ентальцев сөз сөйлеп, партияның жаңа Доктринасы қоғамның дамуына тың серпін беретіндігін атады.

Айқын Несіпбай, «Егемен Қазақстан». Қарағанды.